

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Балабақша ойындарының бала дамуына тигізер пайдасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.02.2026СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/187372/>**Абдуллаева Лаззат Серикбаевна**

№27 Рауан бөбекжай бақшасы

Тәрбиеші

Балабақша — баланың тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы және ең маңызды баспалдағы. Бұл кезеңде баланың дүниетанымы қалыптасып, ой-санасы, тілі, мінез-құлқы мен қимыл-қозғалысы дамиды. Балабақшадағы тәрбие жұмыстарының ең тиімді, әрі балаға табиғи жолмен әсер ететін тәсілі – ойын. Себебі ойын — баланың ішкі жан дүниесінің айнасы, өмірге көзқарасының бастауы, шығармашылық қабілетінің қайнар көзі.

Ойын — баланың ең басты іс-әрекеті. Бала ойнау арқылы өзін қоршаған ортамен танысып, оны түсінуге тырысады. Психологтар мен педагогтар (А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский, Л. С. Выготский, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев) ойынның тәрбиелік және дамытушылық маңызын жоғары бағалаған. Мәселен, Сухомлинский “Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да мүмкін емес. Ойын — өмірге дайындық қана емес, өмірдің өзі” деген. Демек, балабақшада ойын — тек көңіл көтеру құралы емес, ол — тәрбиенің, оқытудың және дамытудың басты тетігі.

Бала ойын барысында ойлайды, салыстырады, қиялдайды, шешім қабылдайды. Мысалы, құрылыс ойындарында бала түрлі пішіндегі бөлшектерден үй, көпір, қала құрастырып, кеңістік туралы түсінік алады, қиялы мен ұсақ моторикасы дамиды. Ал рөлдік ойындарда — “Дәрігер мен науқас”, “Мұғалім мен оқушы”, “Дүкен”, “Отбасы” сияқты сюжеттерде бала үлкендердің іс-әрекетін бейнелей отырып, өмір шындығын таниды, мінез-құлық мәдениетін қалыптастырады, сөйлеу тілі дамиды.

Қимыл-қозғалыс ойындары (“Кім жылдам?”, “Ұшты-ұшты”, “Мысық пен тышқан”, “Аңшылар мен қояндар”) балалардың денесін шынықтырып, ептілік пен шапшаңдыққа, батылдық пен төзімділікке баулиды. Мұндай ойындар кезінде бала қимыл арқылы қуат

алады, сергиді, көңілі көтеріліп, белсенділігі артады. Бұл — тек физикалық даму емес, эмоционалды тепе-теңдіктің қалыптасуына да әсер етеді.

Танымдық және дидактикалық ойындардың да маңызы зор. “Қайсысы үлкен?”, “Сандар әлемі”, “Қай жануардың ізі?”, “Суретті тап”, “Қай дыбыстан басталады?” сияқты ойындар арқылы балалар ойлау, есте сақтау, салыстыру, талдау, жалпылау сияқты ақыл-ой операцияларын меңгереді. Бұл ойындар баланы мектепке дайындауда таптырмас құрал болып табылады.

Тіл дамыту бағытындағы ойындар да балабақша бағдарламасында ерекше орын алады. “Сиқырлы сөздер”, “Жұмбақ шеш”, “Қай әріп жоғалды?”, “Сөйлемді жалғастыр” сияқты ойындар арқылы бала сөздік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіреді. Осындай ойындар баланың өз ойын еркін, жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ал ұлттық ойындар — ұлттың рухани байлығы, халықтың даналығы мен мәдениетінің айғағы. “Асық ату”, “Арқан тарту”, “Ақ серек - көк серек”, “Алтыбақан”, “Тоғызқұмалақ” сияқты ойындар балаларды ұйымшылдыққа, намысқойлыққа, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды. Сонымен қатар, ол балалардың бойында туған жерге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімін оятады. Балабақшада ұлттық ойындарды жиі қолдану арқылы тәрбиеші жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық сезім дарыта алады.

Ойын - баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың да тиімді жолы. Бірлескен ойындарда балалар бір-бірімен тіл табысып, өзара көмек көрсетуді, тәртіп сақтауды, әділ болуды үйренеді. Мысалы, командалық ойындарда балалар жеңіске жету үшін бірігіп әрекет етеді, ал жеңілгенде сабыр сақтауға, қарсыласына құрметпен қарауға дағдыланады. Бұл қасиеттер кейін баланың мінез-құлқында тұрақтылық пен жауапкершілік қалыптастырады.

Бала ойнап отырып қателеседі, түзеледі, ойланады. Осы процестің бәрінде тәрбиешінің рөлі ерекше. Тәрбиеші ойын ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар бақылаушы, бағыт беруші, кейде тіпті ойыншының рөлін атқарушы. Егер тәрбиеші баламен бірге ойнап, оған серіктес болса — бала өзін еркін сезінеді, ойынға шын көңілмен қатысады.

Қазіргі заман талабына сай ойын түрлері де жаңарып келеді. Интерактивті, логикалық және цифрлық ойындар да балабақша бағдарламасына енгізілуде. Бірақ қандай ойын түрі болса да, оның негізгі мақсаты — баланың тұлғалық дамуы, рухани өсуі және өз мүмкіндігін ашуы.

Қорыта айтқанда, ойын — баланың өмірлік мектебі. Ол арқылы бала дүниені таниды, өзін табады, өзгелермен қарым-қатынас орнатады. Бала ойнап жүріп өседі, жетіледі, ойланады. Сондықтан балабақшадағы әрбір ойын - баланың өмір жолындағы алғашқы

қадамы, болашақ табысының негізі. Тәрбиешілер мен ата-аналар ойынның осы тәрбиелік, дамытушылық және танымдық мүмкіндігін толық пайдалана алса, біз ертеңіне сенімді, білімді, шығармашыл ұрпақ тәрбиелей аламыз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.